

ОРТАЛЫҚ АУРХАНА ЖАҢА ҮЛГІДЕГІ ТЕХНОЛОГИЯЛАРМЕН ТОЛЫҚТЫ



Аудандық ауруханаға гастроскоп және колоноскопия құрылғысы бар бейнелі эндоскопиялық аппарат сатып алынды. Құны 45 миллион 300 мың тұратын бұл құрылғы көмегімен науқастың ішкі органдарын: асқазан, тік ішек және де басқа да зерттелінетін мүшенің ішкі шырышты қабатын тікелей көруге болады. Яғни, бұл эндоскопиялық құрылғы - диагностикалық және емдеу мақсатында жүргізіледі. Эндоскоп арқылы бөгде заттарды, полип, кисталарды кесіп алуға болады. Ойық жараларды күйдіру немесе

тікелей дәрі енгізу, жағу арқылы емдомдар жасалынады. Сондай-ақ, нәрестелердің есту патологиясын ерте анықтау мақсатында Германиядағы MAICO Diagnostic GmbH фирмасы өндірген аудиометрия аппараты алынды. Аудиоскрининг - барлық нәрестелерге міндетті түрде өткізілетін скринингтік тексеру әдісі. Ол екі кезеңде жүргізіледі. Бірінші кезең: перзентханада жүргізіледі, бұнда көреңдік дамуына жоғары қауіпті нәрестелер анықталады. Тексеру нәтижесі нәрестенің

перзентханадан шығарда берілетін шығару эпикризіне тіркеледі. Екінші кезең: сөбиді тіркеуге алған тұрғылықты мекен-жайы бойынша емханада жүргізіледі. Ол сөбидің 3 айында және 1,2 - 3,6 жасында жүргізілуі қажет. Тексеру аудиометр аппаратының көмегімен жүргізіледі. Есту қабілетінің бұзылуы баланың коммуникативтік дағдыларының дамуына кері әсер етеді, сөйлеу тілі дамуының кешеуілдеуіне және когнитивтік, эмоционалық және өлеуметтік саланың ауытқуына өкеледі. Өйткені, генетикалық кеміс-

тіктер, босану кезіндегі асқынулар, жүктілік кезіндегі ананың инфекциялық аурулары, туу кезіндегі дене салмағының төмендігі есту қабілетін жоғалтудың негізгі себептері болуы мүмкін. «Құны 5 миллион 100 мың тұратын бұл құрылғының көмегімен, балалардағы есту қабілетінің бұзылуын уақытылы анықтап, нәтижелі емдеуге қол жеткізе аламыз» - дейді дәрігер мамандар.

Г.АЛЕКСЕЕВА,
Ойыл селосы.

ҚАРАСУҒА АУЫЗ СУ ҚАЖЕТ, ҚҰМЖАРҒАН КӨРКЕЙІП КЕЛЕДІ



Жылдағы дәстүр бойынша аудан және ауылдық округ әкімдерінің тұрғындарға есеп беру жиыны атақты диқан Шығанақ Берсиевтің туған жерінен басталды. Аудандағы бірқатар сала басшылары мен аудан әкімінің орынбасары Мұратбай Айдарбаев бастаған топ алдымен 21 түтіні бар Қарасу елді мекенінде болды. Онда ауыл тұрғындарымен өткен кездесу жиынында Қаратал ауылдық округінің әкімі Әділбек Ізбасов ауыл тұрғындарына өткен жыл ішінде атқарылған жұмыстар бойынша есеп берді. Қарасу елді мекенінде көп жылдардан бері қордаланып қалған мәселе ауыз су болатынды. Бұл мәселе былтыр шешімін тауып, блок модульді ауыз су кешені іске қосылған еді. Алайда, 50 метр тереңдіктен шығып, халық игілігіне берілген ауыз су ішуге жарамсыз болып тұр. Себебі суды тазалау құрылғысы іске жарамсызмен құм аралас су өзінге тұтынуға мүлдем келмейді. Ауыл әкімі айтылған мәселеден бей-жай емес. Жер аяғы кеңі салысымен бұл мәселені шешуге болатынын жеткізді. Былтырғы жылы тұрғындар тарапынан ауылды жарықтандыру ұсынысы түсіп, қазір аталған жұмыстар толықтай жүзеге асып отыр. Айта кетсек, есеп беру жиынында қарасулықтардың басты тілегі - көгілдір отын болды. Бірақ тұрғындардың бұл тілегі көп қаражатты қажет ететіндіктен, сондай-ақ елді мекендерді көгілдір отынмен қамту

мәселесі кезек-кезек бойынша сарапталып шешімін табатындықтан, алдағы жылдардың еншісінде қалды. Малдан нәпақасын тауып отырған шағын ауылда ешқандай қылмыс тіркелмеген. Ал, Шығанақ Берсиев атындағы ауылдық округінің әкімі Әділбек Ізбасовтың тұрғындарға есеп беру жиыны сол күні түстен кейін Құмжарған елді мекенінде жалғасты. Онда да ауыл әкімі өткен жылы жасалған жұмыстарды баяндап берді. Былтыр Құмжарғанға шағын футбол алаңы салынды. «Сырт көз сыншы» - демекші, құмжарғандықтардың үйлерін жөндеп, ауаларын заманауи үлгімен қоршап жатқандығын байқауға болады. Ауылдың тұрғындары еңбекке еңжар емес. Бойларында болашаққа деген үлкен сенім мен серпіліс бар. Ал, ауыл әкімінің алдағы міндеттеріне тоқталсақ, елді мекенді жарықтандыру, көркейтумен қатар күндізгі уақытта малды ауылға кіргізу мақсатында малдың шығатын өрісі мен бағытына байланысты ауылдың сыртына ұңғымалы құдықтар қазу. Аталған елді мекендерде аудан әкімінің орынбасары Мұратбай Айдарбаев ауданның өлеуметтік-экономикалық даму көрсеткіштеріне тоқталып өтті. Оған қоса, Құмжарғанның кіре беріс 3 километр жол бойынша жобалау сметалық құжаттары жасалынып, қаражат жағы қарастырылып

жатқандығын айта келе ауыл тұрғындарынан үйлердің сыртқы қасбетін өктуе, сырлау жұмыстарына баса мән беріп, тұрғындарды тазалықты сақтауға шақырды. Ақтөбе облысының ветеринария басқармасы ММ шаруашылық жүргізу құқығындағы «Ойыл аудандық ветстанциясы» МКК-ның директоры Серік Сармұқанов ветеринариялық іс-шаралар бойынша ақпарат берді. Сырғалау, қан алғанда малдың жасын, жынысын, түсін нақты айтып, дерекқорға енгізу керектігін жеткізіп, жылқыға чип салу жөнінде ұсыныс білдірді. Жұқпалы ренотрохит ауруы бойынша кеңірек мәлімет берді. Бұл ауру адамға жұқпалы емес. Күйіс қайыратын малдарда кездеседі. Сондықтан малға вакцина егу жөнінде де тоқталып өтті. Сондай-ақ, қазіргі таңда ит аулау жұмыстары қиындап тұрғанын да жасырмады. Өйткені қазір ит атылмайды, ауланады. Ауланған қаңғыбас немесе бос жүрген иесі бар иттер арнайы тұрақта болады. Екі ай ішінде иесі анықталғанда айыппұл салынады немесе жойылады. Жиын кезінде Құмжарған елді мекенінің тұрғыны Бауыржан Жұбай көпжылдық шөл егу бойынша, тұқымды қалай алуға болатындығын сұрап, алдағы уақытта картоп егуге ниетті екендігін жеткізді.

Муса ӘДІЛБАЙҰЛЫ,
Ойыл-Қарасу-Құмжарған-Ойыл.

КЕЗДЕСУ АРҚАУЫ - САЯСИ НАУҚАННЫҢ САЛМАҒЫ

ӨТКЕН АПТАДА ОЙЫЛ АУДАНДЫҚ АУМАҚТЫҚ САЙЛАУ КОМИССИЯСЫ АУДАНДЫҚ ЖАСТАР РЕСУРСТЫҚ ОРТАЛЫҒЫМЕН БІРЛЕСІП АУДАНДЫҚ ОРТАЛЫҚ КІТАПХАНАЛАР ЖҮЙЕСІ КОВОРКИНГ ОРТАЛЫҒЫНДА ДҮНИЕЖҮЗІЛІК САЙЛАУ КҮНІНЕ ОРАЙ «ТӘУЕЛСІЗДІК ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ САЙЛАУЛАР ТАРИХЫ, САЙЛАУ ПРОЦЕСІНДЕГІ ЖЕТІСТІКТЕР ЖӘНЕ АЗАМАТТАРДЫҢ САЙЛАУ ҚҰҚЫҚТАРЫ» ТАҚЫРЫБЫМЕН АУДАННЫҢ БЕЛСЕНДІ ЖАСТАРЫ, СТУДЕНТТЕРІНІҢ ҚАТЫСУЫМЕН КЕЗДЕСУ ӨТКІЗДІ.



Аталған тақырып бойынша аудандық сайлау комиссиясының төрағасы Берік Бисекенов хабарлама жасады. Соңынан жастардың сұрақтарына жауап беріліп, өткен сайлауда бел-

сенділік көрсеткен жастар өкілдері Әйтеке Хамитов пен Нұрсұлтан Жуминдер аудандық сайлау комиссиясының Алғыс хаттарымен марапатталды.

EGOV.KZ ПОРТАЛЫНДА КӘСІПКЕРЛЕРГЕ АРНАЛҒАН ЖАҢА ҚЫЗМЕТ ТҮРІ ПАЙДА БОЛДЫ

ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі, «Ұлттық ақпараттық технологиялар» АҚ және ҚР Әділет министрлігінің ақпараттық жүйелерін біріктіру арқылы жүзеге асырылып отыр. Қызмет заңды және жеке тұлғаларға қолжетімді өрі тегін көрсетіледі. Енді құрылтайшының (жеке тұлғаның) жарғылық капиталдағы үлестерін сенімгерлік басқаруға беру, үлесті басқаруға беру мерзімін өзгерту және сенімгерлік басқаруға беруді қайтарып алу мүмкіндігі бар. «Жаңа қызметтің ыңғайлылығы – үйден шықпай-ақ заңды тұлғаның үлесін онлайн басқаруға беруге болатыны. Біз мемлекеттік органдармен бірлесіп қызмет алу уақытын қысқарту аясында жұмыс істеп жатырмыз. ҚР ЦДИАӨМ бірлескен

жұмыстың арқасында цифрлық трансформация азаматтар үшін де, кәсіп үшін де көптеген бизнес-процестерді жеңілдетеді және жақсартады», - дейді «Ұлттық ақпараттық технологиялар» АҚ Басқарма Төрағасы Ростислав Коняшкин. «Ұлттық ақпараттық технологиялар» АҚ Қоғаммен байланыс басқармасының мәлімдеуінше, мемлекеттік қызметтер тізімінде қазір 700-ге жуық қызмет пен сервис қолжетімді. Өткен жылы электронды үкімет порталында қызметтердің 92%-ы автоматтандырылды. Egov.kz порталының көмегімен азаматтарға шамамен 50 миллион қызмет көрсетілген, бұл 2020 жылмен салыстырғанда 6 миллионға көп.

inform.kz

ҚОҒАМДЫҚ КЕҢЕС: БЫЛТЫРҒЫ БЕЛЕС ПЕН АЛДАҒЫ МІНДЕТТЕРДІҢ МЕЖЕСІ

КЕШЕ ТҮСТЕН КЕЙІН ОЙЫЛ АУДАНЫ ӘКІМДІГІНІҢ МӘЖІЛІС ЗАЛЫНДА АУДАНДЫҚ ҚОҒАМДЫҚ КЕҢЕСТІҢ КЕЗЕКТІ ОТЫРЫСЫ ӨТТІ. ҚОҒАМДЫҚ КЕҢЕС ОТЫРЫСЫНА ҚОҒАМДЫҚ КЕҢЕС МҮШЕЛЕРІ, АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТТЫҢ ДЕПУТАТТАРЫ МЕН БІРҚАТАР БӨЛІМ БАСШЫЛАРЫ ҚАТЫСТЫ.



Сондай-ақ, отырысқа аудан әкімі Асқар Қазыбаев пен аудандық мәслихаттың хатшысы Сәкен Займолдин, аудан әкімінің орынбасарлары мен аппарат басшысы қатысып, күн тәртібінде Қоғамдық Кеңестің қарауына екі мәселе ұсынылды. Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша Ойыл ауданының 2021 жылғы өлеуметтік экономикалық дамуының қорытындысы және 2022 жылға арналған міндеттері туралы аудан әкімі Асқар Қазыбаев баяндама жасады. Аймақ басшысының есебін мұқият тыңдаған Тілеген Алданаев бастаған қоғамдық кеңес мүшелері бірқатар сауалдарын қойып, атқарылған жұмыстар мен алдағы міндеттердің кейбір тұстарын талқылай келе ұсыныс-пікірлерін жеткізді. Айта кетсек, қоғамдық кеңес мүшелері «Тұрғын үй салу үшін жер ала-алмай кезек күтіп жүргендер бар ма?», Шаруашылық ашқысы келетіндерге де жер алу мәселесі қалай?, Зейнетке шықса да жұмыс жасап жүргендерге талдау жасала ма?, Жыл сайын арнасынан алыстап, үзіліп жатқан Ойыл өзенінің

жайы қалай болмақ?», - деген сынды сауалдарға жауап беруді сұрады. Қойылған сұрақтарға жан-жақты жауап берген аудан әкімі «Біз де тұраын үй кезегінде тұрған жандар жетерлік. Біз оларға шама-шарқы келгенше келе жатқандығына қолдау білдіріп келеміз. Үй салу үшін берілетін бос жерлердің инфрақұрылымын реттеп қойдық. Ал, күрделісі шаруашылық мақсатында алған жерді көптеген шаруалардың игермей отырғаны жасырын емес. Бұл бағыт бойынша да жұмыстанып жатырмыз. Мәселен, былтыр жерлерін пайдаланбай отырған шаруашылықтардан 30 мың гектар жерді қайтарып алдық. Аталған жұмыстар алдағы уақытта жалғасын табатын болады. Ал, келесі саул бойынша зейнеткерлік жасқа жетсе де, жұмыс жасап жатқан жандар көбіне кадр жетіспеушіліктен отырғандар. Ойыл өзенінің жайына келер болсақ, туған жердің

төл перзенті ретінде бұл мәселе берімізді де толандырып отыр. Жамбыл да жағдайындағы басшылық тарапқа Ойыл өзенінің қалпына келтіру мақсатында тазалау жұмыстары жүргізу үшін мәселе қозғадық. Сәтен салса, мәселе шешімін табады деген сенімдеміз», - деді.

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша аудандық мәслихаттың 2021 жылы атқарған жұмыстары бойынша аудандық мәслихаттың хатшысы Сәкен Займолдин баяндамасында еліміздің өркендеуі жолында облыстық, қалалық, аудандық мәслихаттар Ата заңымызды, Президентіміздің стратегиялық даму бағдарламаларын басшылыққа ала отырып, жұмыс істеп келе жатқандығына кеңірек тоқталды. Тұрақты комиссиялар ауданның өрі қарай дамуына оңтайлы ықпал ететін өлеуметтік-экономикалық маңызы бар мәселелерді қарауды өздерінің ең басты міндеттері деп санайды. Сондықтан ел игілігі үшін жасалынатын межелі міндеттердің жүзеге аса беруіне сәттілік тілейміз!

Муса ӘДІЛБАЙҰЛЫ.

2021 ЖЫЛЫ БЖЗҚ ӨЗ САЛЫМШЫЛАРЫНА 40 МИЛЛИОННАН АСТАМ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТТІ

Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры 2021 жылы (01.01.2021-01.01.2021 аралығындағы кезеңде) өз салымшыларына **40,5 миллион қызмет** көрсетті. Бұл 2020 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда **45,2%** көп.

БЖЗҚ қызметтерінің **90%-дан астамын** пандемия кезеңінде ыңғайлы, жедел және қауіпсіз олып табылатын онлайн тәртібінде көрсетуде. Салымшылар мен алушылар үйден шықпай-ақ бірнеше минут ішінде Қордың барлық қызметтерін ала алады. Онлайн қызметтердің **29,7 миллионнан астамы** немесе жалпы көлемнің 73,4% БЖЗҚ сайтында немесе мобильді қосымшасында көрсетілген. Өткен жылмен салыстырғанда көрсеткіштер бір жарым есеге өсті (өткен жылдың 12 айында Қор салымшылары виртуалды кеңістікте 17,9 млн қызмет алған болатын).

БЖЗҚ сайтында да, уялы қосымша-сында да бар Жеке кабинеттің көмегімен салымшылар қызметтерді қалаған уақытында, кез-келген жерде ала алатынын естеріңізге саламыз. Атап айтқанда, бұл қызметтер жеке зейнетақы шотынан үзінді көшірме алу, өз деректемелеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу, ЖЗШ-ның болуы туралы анықтама алу, мерзімсіз уақытқа 1 немесе 2 топтағы мүгедектіктің белгіленуіне байланысты зейнетақы төлемдерін тағайындау туралы өтініш беру, төлемге берілетін өтініштің мәртебесін қадағалау және тағы басқалар.

Сонымен қатар, қызмет көрсетудің өтінімсіз түрі де дамыған. Оған,

мысалы, міндетті зейнетақы жарналарын (МЗЖ), міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын (МКЗЖ) және ерікті зейнетақы жарналарын (ЕЗЖ) есепке алу бойынша жеке зейнетақы шоттарын автоматты түрде ашу кіреді. Естеріңізге сала кетейік, жеке тұлғаның БЖЗҚ-да ашық ЖЗШ болмаған жағдайда, ол алғашқы жарна келіп түскен кезде БЖЗҚ ақпараттық жүйесінде автоматты түрде ашылады. Бұл ретте тұлғаныңжеке басын сәйкестендіру МЗЖ, МКЗЖ немесе ЕЗЖ аудару кезінде төлем тапсырмасының электрондық форматында көрсетілген дербес деректер бойынша жүзеге асырылады. БЖЗҚ салымшысының қолданыстағы құжатының деректемелері мен тұрғылықты жері туралы барлық қажетті мәліметтер Мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйесінен алынады. Жыл басынан бері **6,9 миллион қызмет** немесе жалпы көлемнің 17,1% өтінімсіз көрсетілген.

Кеңсеге келіп қызмет алу түрі де танымалдығын жоғалтқан емес. Бүкіл Қазақстан бойынша БЖЗҚ-ның 183 бөлімшесінде салымшыларға **2,3 млн қызмет** көрсетілді, бұл былтырғы көрсеткішпен салыстырғанда **52,3% артық**. Естеріңізге сала кетейік, Қордың жақын жердегі бөлімшесі туралы www.enpf.kz сайтынан немесе ENPF мобильді қосымшасынантезбілуге болады.

«БЖЗҚ» АҚ мен «Қазпошта» АҚ-ның шалғайдағы елді мекендерде орналасқан ұлттық пошта операторының бөлімшелерінде көрсетілетін

қызмет түрлері бойынша бірлескен жобасының арқасында Қор салымшыларына 2022 жылдың 1 қаңтарындағы жағдай бойынша, пошта операторының 347 бөлімшесінде шамамен **18 мың қызмет** көрсетілді. Ол өткен жылмен салыстырғанда үш есе көп.

Қорда, сондай-ақ, барып қызмет көрсету бөлімдері де іске қосылған. Олар қатаң санитарлық-эпидемиологиялық шараларды сақтай отырып жұмыс істейді. Бұл ретте алдын ала кеңес беру (оның ішінде қызметтерді онлайн алу мүмкіндігін тексеру) жүзеге асырылады. 2022 жылдың 1 қаңтарындағы жағдай бойынша барып қызмет көрсету барысында **117 768 операция** жүзеге асырылды, бұл былтырғы дәл осы кезеңмен салыстырғанда 36,7%-ға асып түседі.

БЖЗҚ сапалы кеңес беру қызметтерін ұсынуға және Қордың салымшылары мен алушылары үшін ақпараттық арналарды дамытуға ерекше көңіл бөледі. 2022 жылдың 1 қаңтарында кері байланыс арналары арқылы **1,5 миллион өтініш** келіп түскен. Бұл былтырғы көрсеткіштен 10,2% көп.

Естеріңізге сала кетейік, БЖЗҚ салымшылары мен алушылары 1418 нөмірі (Қазақстан бойынша қоңырау шалу тегін) арқылы байланыс орталығында, www.enpf.kz корпоративтік сайты, сондай-ақ +7 777 000 14 18 нөмірі бойынша WhatsApp және Viber чат-боты және Facebook, Instagram, Вконтакте, Twitter, Telegram, Одноклассники әлеуметтік желілеріндегі БЖЗҚ-ның ресми парақшаларында ақыл-кеңес ала алады.

В 2021 ГОДУ ЕНПФ ОКАЗАЛ СВОИМ ВКЛАДЧИКАМ СВЫШЕ 40 МИЛЛИОНОВ УСЛУГ

Единый накопительный пенсионный фондв 2021 году (в период с 01.01.2021 по 01.01.2022) оказал своим вкладчикам **40,5 миллионов услуг**. Это на **45,2%** больше, чем за аналогичный период прошлого 2020 года.

Отметим, что **свыше 90%**услуг ЕНПФ оказывает в удобном, оперативном и безопасном в период пандемии онлайн-формате. Вкладчики и получатели, не выходя из дома, могут буквально за считанные минуты получить практически все услуги Фонда. Из общего количества онлайн-услуг **свыше 29,7 миллионов** или 73,4% от общего объёма услугоказано на сайте либо в мобильном приложении ЕНПФ. По сравнению с предыдущим годом показатели выросли в полтора раза (за 12 месяцев прошлого года вкладчики Фонда получили в виртуальном пространстве 17,9 млн услуг).

Напомним, что в Личном кабинете, который есть как на сайте, так и в мобильном приложении ЕНПФ, вкладчики имеют возможность получать услуги в любое время и в любом месте. Например, это получение выписки с индивидуального пенсионного счета, внесение изменений и дополнений в свои реквизиты, получение справки о наличии ИПС, подача заявления о назначении пенсионных выплат в связи с установлением инвалидности I или II группы бессрочно, а также по добровольному пенсионному взносам, отслеживание статуса заявления на выплату и многое другое.

Кроме того, в Фонде развит беззаявительный формат обслуживания. В него входит, к примеру, автоматическое открытие индивидуальных пенсионных счетов по учету обязательных пенсионных взносов (ОПВ), обязательных профессиональных пенсионных взносов (ОППВ) и добровольных пенсионных взносов (ДПВ). Напомним, в случае отсутствия у физического лица в ЕНПФ открытого ИПС, он открывается в информационной системе ЕНПФ автоматически при поступлении первого взноса. При этом идентификация физического лица осуществляется по персональным данным, указанным в электронном формате платежного поручения при перечислении ОПВ, ОППВ или ДПВ. Все необходимые сведения о реквизитах действующего документа и месте проживания вкладчика ЕНПФ получает из информационных систем государственных органов. В беззаявительном порядке с начала года было **оказано 6,9 миллионов услуг** или 17,1% от общего объема.

Продолжает пользоваться популярностью и очное обслуживание. В 183 подразделениях ЕНПФ по всему Казахстану вкладчикам оказано более **2,3 млн услуг**, что на **52,3% больше**, чем в прошлом году. Напомним, ближайшее отделение Фонда можно легко уточнить на сайте www.enpf.kz, либо мобильном приложении ЕНПФ.

Благодаря совместному проекту АО «ЕНПФ» и АО «Казпочта» по оказанию услуг в удаленных населенных пунктах в отделениях национального

почтового оператора, вкладчикам фонда на 1 января 2022 года в 347 отделениях почтового оператора было оказано порядка **18 тысяч услуг**, что в три раза больше, чем в прошлом году.

Работают и отделы выездного обслуживания ЕНПФ. Они действуют с соблюдением строгих санитарно-эпидемиологических мер, при этом осуществляется предварительная консультация (в том числе проверка на возможность получения услуг онлайн). В ходе выездного обслуживания на 1 января 2022 года было осуществлено **117 768 операций**, это на 36,7% больше, чем за аналогичный период прошлого года.

Особое внимание ЕНПФ уделяет предоставлению качественных консультационных услуг и развитию информационных каналов для вкладчиков и получателей Фонда. На 1 января 2022 года количество обращений вкладчиков по каналам обратной связи составило **1,5 млн обращений**, это больше прошлогодних показателей на 10,2%.

Напоминаем, получить консультацию вкладчики и получатели ЕНПФ могут в call-центре по номеру 1418 (звонок по Казахстану бесплатный), а также консультации можно получить на корпоративном сайте www.enpf.kz, посредством чат-бота в WhatsApp и Viber по номеру +7 777 000 14 18 и на официальных страницах ЕНПФ в социальных сетях Instagram, Facebook, Вконтакте, Twitter, Telegram, Одноклассники.

ӘЛЕУМЕТТІК ЗЕРТТЕУ: ҚАЗАҚСТАНДЫҚТАРДЫҢ ҚАРЖЫЛЫҚ САУАТТЫЛЫҚ ДЕҢГЕЙІ ЖОҒАРЫЛАДЫ

Халықтың зейнетақымен қамсыздандыру саласындағы қаржылық сауаттылық деңгейін және олардың «БЖЗҚ» АҚ-ға деген сенім дәрежесін айқындайтын жыл сайынғы тәуелсіз әлеуметтік зерттеудің қорытындысы шықты.

Зерттеу Қазақстанның 14 облысы мен республикалық маңызы бар 3 қаланың тұрғындары арасында, қала және ауыл жұртшылығына телефон арқылы және тікелей сауалнама жүргізуді қоса алғанда, аралас жүргізілді. Барлығы 3000 респонденттен сұхбат алынды, оның 48,52% ер азаматтар, яғни 1 455 адам. Ал өйелдер сөл көп болды - 1 545 адам (51,48%). Респонденттердің әлеуметтік мәртебесі жағынан үлесі мынадай: жалдамалы қызметкерлер 2 085 адам (69,5%), өзін-өзі жұмыспен қамтығандар 768 адам (25,6%) және жұмыссыздар 147 адам (4,9%).

Респонденттерді қызмет салалары бойынша бөлсек, сұралғандардың арасында 572 адам (немесе 19,07%) коммерциялық бизнес саласында жұмыспен қамтылған, одан әрі ауыл шаруашылығы саласында жұмыс істейтін қызметкерлер – 463 респондент (немесе 15,43%), білім беру және тәрбие саласының қызметкерлері - 452 респондент (немесе 15,07%), мемлекеттік сала қызметкерлері – 334 респондент (немесе 11,13%). Сұрау салынғандардың арасындағыалым саласында жұмыс істейтіндер бөрінен де аз болып шықты – 27 респондент (немесе сауалнамаға қатысқан адамдардың 0,90%).

Зерттеу сауалнамасының негізгі бөлігі Қазақстан халқының зейнетақымен қамсыздандыру саласындағы қаржылық сауаттылығын анықтауға, сондай-ақ, Қазақстанның зейнетақы жүйесі мен БЖЗҚ-ға деген сенім дәрежесін анықтауға бағытталған 25 сұрақтан тұрды.

Зейнет жасындағы қаржылық өлауқаттың негізгі көзіне қатысты халықтың пікірі бірінші сұрақта көрініс тапты. Бұл ретте сауалдың негізгі мақсаты - респонденттердің зейнетке шыққан кезде өздерінің болашағы үшін жеке жауапкершілігін қаншалықты түсінетінін және оған қаншалықты көңіл бөлетіндерін анықтау болды.

Жүргізілген сауалнама көрсеткендей, көпшілік қаржылық өл-ауқатарының негізгі көзі мемлекеттен және БЖЗҚ-дан төленетін зейнетақы болады деген пікірді ұстанады. 2271адам немесе сауалнамаға қатысушылардың75,70%осылайша жауап берді. 288 респондент (9,60%) өз бизнесіне сүйенеді, ал БЖЗҚ-дағыжинақтарынан басқа, өзге де жинақтарға 244 респондент немесе сұралғандардың 8,13% үміт арттады.

Зейнетақымен қамсыздандыру саласындағы қаржылық сауаттылық-базалық және ілгері деген екі деңгей бойынша талданды.

Қазақстандықтар базалық деңгей бойынша көптеген сұрақтарға дұрыс жауап берді. Жүргізілген сауалнамаға сәйкес, респонденттердің

тердің басым бөлігі – 1475 адам (49,17%) «БЖЗҚ» АҚ міндеті – салымшылардың міндетті және ерікті зейнетақы жарналарын шоғырландыру, зейнетақы жинақтарының жеке есебін жүргізу, зейнетақы жинақтары есебінен зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру болып табыладыдеп дұрыс айқындады. Респонденттер сондай-ақ, зейнетақы жарналарының түрлері, төлемдер мен зейнетке шығу жақы туралы жақсы хабардар болып шықты.

1317 респондент (немесе сұралғандардың 43,9%) Қазақстанның барлық азаматтарына кепілдік берілген мемлекеттік базалық зейнетақы төлемі туралы, еңбек өтілі бойынша мемлекеттік еңбек (ортақ) зейнетақы жөнінде, сондай-ақ, міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары, ерікті зейнетақы жарналарынан қалыптастырылған жұмыскердің меншікті зейнетақы жинақтары есебіненБЖЗҚ-дан төленетін зейнетақы төлемдері туралы құлағдар екен.

Жалпы алғанда, базалық деңгейдегі білім коэффициенті 69,9% құрады, ол 62,0% болған былтырғы көрсеткіштен асып түсті.

Ілгері деңгейді бағалау үшін сұрақтар күрделене түсті. Олардың жауаптары да өр түрлі болды. Мысалы, сауалнама көрсеткендей, сұралғандардың басым бөлігі немесе 1187 респондент (39,57%) зейнетақы активтерін инвестициялауды тек ҚР Ұлттық Банкі жүзеге асырады деп санайды. Бұдан өдеуір аз адам – 738 респондент (24,60%) инвестициялық табыс алу үшін зейнетақы активтерін инвестициялауға қатысты ИПБміндетінен хабардар екен. Сонымен қатар, 721 респондент (24,03%) инвестициялық табыс алу үшін зейнетақы активтерін инвестициялауды БЖЗҚ жүзеге асырады деген қате пікірді ұстанады.

Респонденттердің басым бөлігі инвестициялық табыстың мөлшері бағалы қағаздар бойынша есептелген сыйақыға, бағалы қағаздардың нарықтық құнының және шетел валюталары бағамының өзгеруіне байланысты өзгередіті, бұл ретте инвестициялық кірістің қор нарқындағы ахуалға байланысты оң да, теріс те болуы мүмкін екендігінен хабардар (1252 респондент немесе сұралғандардың 41,73%). Сондай-ақ, респонденттердің басым бөлігі зейнетақы жинақтарының қандай да бір инвестициялық активтерге салынатынын және инвестициялық табыс есебінен көбейетінін білетіндерін көрсетті (1307 респондент немесе сұралғандардың 43,60%).

Нәтижесінде, халықтың зейнетақы жүйесі туралы хабардар болуының ілгері деңгейінің жалпы білім коэффициенті 43,4% құрады, бұл былтырғы көрсеткіштен бір жарым есе жоғары. Еске сала кетсек, былтыр ол 27,5% көрсеткен болатын.

Жалпы, зейнетақымен қамсыздандыру саласындағы халықтың қаржылық сауаттылық деңгейі зерттеу

теу барысы көрсеткендей, жұртшылықтың өдеуір бөлігінің қаржылық сауаттылық бойынша базалық білімдері бар және ол жыл сайын артып келеді. Бұлжолғы зерттеуде ілгері деңгейдегі білімнің өдеуір өскені атап өтілді.

Дестүр бойынша жинақтаушы зейнетақы жүйесі мен БЖЗҚ-ға деген сенім деңгейі шамамен бірдей мәнге ие. Яғни, респонденттер үшін БЖЗҚ – жинақтаушы зейнетақы жүйесінің ажырамас бөлігі болып табылады, өрі олардың БЖЗҚ-ғажинақтаушы зейнетақы жүйесін жүзеге асыру операторы ретінде қарайтындығын көруге болады. 2021 жылы Қорға деген сенімнің орташа деңгейі 5,8 баллды құрады (ең төменгі мәні 1, ең жоғарғы мәні 10 балл), яғни нәтиже орташадан жоғары. Бұл жолы ең жоғары балл Батыс Қазақстан (6,8), Қарағанды (6,6) және Шығыс Қазақстан (6,5 балл) облыстарында тіркелді.

Халықтың еліміздің жинақтаушы зейнетақы жүйесіне деген сенім деңгейі де 5,8 баллды құрады. Облыстар мен республикалық маңызы бар қалалар бөлінісінде Батыс Қазақстан (6,7 балл), Шығыс Қазақстан (6,6 балл), Қарағанды (6,4) және Жамбыл (6,2) облыстарында тұратын респонденттер зейнетақы жүйесіне ең көп сенім білдірді.

Жинақтаушы зейнетақы жүйесі және БЖЗҚ қызметі туралы ақпарат көздері жөнінде де сауалнама жүргізілді. Нәтижесіне сүйенсек, жауап берушілердің көпшілігі ақпаратты (жаңалықтарды) әлеуметтік желілер мен мессенджерлер арқылы алуға бейім - 1324 рет аталынған (барлық жауаптың 44,1%), одан сөл азырақ – телефон арқылы - 1305 рет аталынған (43,5%). Ең танымал ақпарат көздері арасында үшінші орында – ақпараттық және өзге де сайттар – 384 рет аталынған (12,8%).

«БЖЗҚ» АҚ қызметі туралы ақпараттың қолжетімділігін зерттеу нәтижесіне сүйенсек, сауалнамаға қатысушылардың басым бөлігі Қор жайында ақпарат алуды жұрттың барлығы үшін еш қиындықсыз оңай деп санайды (1817 адам немесе жауап бергендердің 60,57%).

Сұрау салынған азаматтар өз жинақтары туралы ақпарат алу мәселесіне қатысты ЖҚО-ға (1712 рет аталған) немесе БЖЗҚ-ға жеке жүгінуді (1624 жауап беруші атап өткен) таңдайды. Респонденттердің пікірінше, жеке зейнетақы шотының қай-күйі туралы ақпарат алудың үшінші неғұрлым оңтайлы тәсілі – электрондық мекенжайға үзінді көшірме алу (1280 рет аталған), бұдан өрі – мобильді қосымша арқылы ақпарат алу нұсқасы (1205 рет аталған) келтіріледі.

Зерттеу нәтижелерін ескере отырып, БЖЗҚ-ға және жалпы жинақтаушы зейнетақы жүйесіне деген сенімді одан өрі нығайту жөніндегі стратегиялық міндеттерді іске асыру барысында БЖЗҚ ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын одан өрі жалғастыра беретін болады.

СОЦИССЛЕДОВАНИЕ: УРОВЕНЬ ФИНАНСОВОЙ ГРАМОТНОСТИ КАЗАХСТАНЦЕВ ПОВЫСИЛСЯ

Подведены итоги ежегодного независимого социологического исследования, определившего уровень финансовой грамотности населения в сфере пенсионного обеспечения и степень доверия населения к АО «ЕНПФ».

Исследование проводилось смешанным типом, включая телефонный опрос и анкетирование городского и сельского населения 14 областей Казахстана и 3 городов республиканского значения. Всего было опрошено 3000 респондентов, мужчины составили - 1 455 человек или 48,52%, а женщины было чуть больше - 1 545 человек (51,48%). Распределение респондентов по социальному статусу было следующим: наёмные работники 2 085 (69,5%), самозанятые 768 (25,6%) и безработные 147 (4,9%).

Распределение респондентов по сферам деятельности было представлено следующим образом - 572(или 19,07%) опрошенных занятых в сфере коммерческого бизнеса, далее работники, занятые в сфере сельского хозяйства – 463 респондента (или 15,43%), работники сферы образования и воспитания - 452 респондента (или 15,07%), работники государственной сферы – 334 респондента (или 11,13%) от всего числа опрошенных и т.д. Меньше всего оказалось тех, кто занят в сфере науки – 27 респондентов (или 0,90% от всего числа опрошенных).

Основной блок анкеты исследования состоял из 25 вопросов, направленных на выявление финансовой грамотности населения Казахстана в сфере пенсионного обеспечения, а также определения степени доверия к пенсионной системе Казахстана и ЕНПФ.

Мнение населения касательно основного источника финансового благосостояния в пенсионном возрасте было отражено уже в первом вопросе. При этом основная цель данного вопроса - выявить то, насколько респонденты осознают свою личную ответственность за свое будущее в пенсионном возрасте, и насколько уделяют этому внимание.

Проведенный опрос населения показал, что значительная часть опрошенных придерживается мнения, что основным источником их финансового благосостояния будет пенсия (от государства и из ЕНПФ) так ответили2271 респондентов, или 75,70% от общего числа опрошенных. Полагаются на собственный бизнес 288 респондентов (9,60%), на иные сбережения, помимо накоплений в ЕНПФ, рассчитывают 244 респондента или 8,13% от общего числа опрошенных.

Отметим, что уровень финансовой грамотности в сфере пенсионного обеспечения был проанализирован по двум уровням: базовому и продвинутому.

На большую часть вопросов по базовому уровню казахстанцы отвечали верно. Согласно проведенного опроса, значительная часть респондентов – 1475 человек (49,17%) – правильно определяют функцию АО

«ЕНПФ», который является аккумулятором обязательных и добровольных пенсионных взносов вкладчиков, ведение индивидуального учёта пенсионных накоплений, осуществление пенсионных выплат за счёт пенсионных накоплений. Респонденты также были хорошо осведомлены о видах пенсионных взносов, выплат и в возрасте выхода на пенсию.

1317 респондентов (или 43,9% от всего числа опрошенных) осведомлены как о государственной базовой пенсионной выплате, гарантированной всем гражданам Казахстана, и государственной трудовой (солидарной) пенсии по стажу, так и о пенсионных выплатах из ЕНПФ за счет собственных пенсионных накоплений работника, сформированных из обязательных пенсионных взносов, обязательных профессиональных пенсионных взносов, добровольных пенсионных взносов.

В общей сложности – коэффициент знаний базового уровня составил 69,9%, это превысило показатель прошлого года, который составлял 62,0%.

Для оценки продвинутого уровня вопросы были сложнее. Ответы на них были менее однозначные. К примеру, как показал опрос, существенная часть опрошенных или 1187 респондентов (39,57%) считают, что инвестирование пенсионных активов осуществляется только Национальным банком РК. Значительно меньше – или 738 респондентов (24,60%) – осведомлены о функции УИП в части инвестирования пенсионных активов для получения инвестиционного дохода. Вместе с тем, 721 респондент (24,03%) ошибочно полагают, что инвестирование пенсионных активов для получения инвестиционного дохода осуществляет ЕНПФ.

Высокая доля респондентов осведомлена о том, что размер инвестиционного дохода варьируется в зависимости от начисленного вознаграждения по ценным бумагам, изменения рыночной стоимости ценных бумаг и курсов иностранных валют, при этом инвестиционный доход может быть, как положительный, так и отрицательный в зависимости от ситуации на фондовых рынках (1252 респондента или 41,73% опрошенных). Также результаты исследования показали, что значительная часть респондентов знает, что пенсионные накопления вкладываются в какие-либо инвестиционные активы и приумножаются за счет инвестиционного дохода (1307 респондентов или 43,60% от общего числа опрошенных). В итоге общий коэффициент знаний продвинутого уровня осведомленности населения о пенсионной системе составил 43,4%, это выше показателя прошлого года в полтора раза. Отметим, тогда он составлял 27,5%.

В целом, как показало исследование уровня финансовой грамотности населения в сфере пенсионного обеспечения, значительная часть населения имеет базовые

знания финансовой грамотности и с каждым годом уровень знаний увеличивается. В текущем исследовании особо отмечается прирост знаний на продвинутом уровне.

Традиционно уровень доверия к пенсионной системе и к ЕНПФ составляет приблизительно равное значение. Это означает, что для респондентов ЕНПФ является неотъемлемой частью НПС, и они рассматривают ЕНПФ как оператора ее реализации. Средний уровень доверия в 2021 году к Фонду составляет 5,8 баллов (минимальное значение 1, максимальное 10 баллов), т.е. результаты выше среднего. В этом году наибольший балл был зафиксирован в Западно-Казахстанской (6,8), Карагандинской (6,6) и Восточно-Казахстанской (6,5 балла) областях.

Уровень доверия населения к пенсионной системе нашей страны составил также 5,8 баллов. В разрезе областей и городов республиканского значения наибольшее доверие пенсионной системе оказали респонденты, проживающие в Западно-Казахстанской (6,7 балла), Восточно-Казахстанской (6,6 балла), Карагандинской (6,4) и Жамбылской (6,2) областях.

Был проведен опрос и об источниках получения информации о пенсионной системе и деятельности ЕНПФ. Результаты показали, что высокая доля респондентов склонна получать информацию (новости) посредством социальных сетей и мессенджеров 1324 упоминания (44,1% из числа всех ответов), чуть меньше – посредством телевидения 1305 упоминаний (43,5%). Третьим наиболее распространенным источником получения информации являются новостные и прочие сайты – 384 упоминания (12,8%) среди респондентов.

Отметим, что согласно исследованию доступности информации о деятельности АО «ЕНПФ», большая часть респондентов находят процесс получения информации легко доступным для всех (1817 респондентов или 60,57% от общего числа опрошенного населения).

В плане получения информации о своих накоплениях опрошенные граждане выбирают обращение в ЦОН (1712 упоминаний) или личное обращение в ЕНПФ (1624 упоминания респондентов). Третьим наиболее частым способом получения информации о состоянии индивидуального пенсионного счета, по мнению респондентов, является получение выписки на электронный адрес (1280 упоминаний), далее – вариант получения информации через мобильное приложение (1205 упоминаний). Подчеркнём, что в данном вопросе у респондентов могло быть несколько вариантов ответов.

Учитывая результаты исследования, ЕНПФ продолжит дальнейшую информационно-разъяснительную работу в ходе реализации стратегических задач по дальнейшему укреплению доверия к ЕНПФ и к пенсионной системе в целом.

МӘМС: САҚТАНДЫРЫЛМАҒАН ҚАЗАҚСТАНДЫҚТАРҒА ҚАНДАЙ КӨМЕК КӨРСЕТІЛЕДІ?

Халық арасында медициналық сақтандыру болмаса, тіпті шұғыл қажет кезде де медициналық көмек алу мүмкін емес деген қате пікір бар. Осыған байланысты, «Нұр-Сұлтан қаласы бойынша әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» коммерциялық емес акционерлік қоғамның филиалындағы мамандар МӘМС жүйесінде сақтандырылмаған пациенттер қандай көмекке арқа сүйей алатынын айтты.

Оларға тегін медициналық кепілдендірілген көмек көлемінде (ТМККК) қарастырылған медициналық қызмет түрлері ұсынылады. ТМККК кімге тиесілі? Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемінде көрсетілген медициналық қызет ақысы бюджет қаражатынан төленеді және оларды:

- Қазақстан Республикасының азаматтары;
- қандастар;
- босқындар;
- Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты тұратын (және тұруға ықтиярхаты бар) шетелдіктер;

- Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты тұратын (және тұруға ықтиярхаты бар) азаматтығы жоқ адамдар ала алады. Қазақстан Республикасында уақытша болатын шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдар, пана іздеген адамдардың айналасындағыларға қауіп төндіретін аурулары болған кезде ТМККК аясында медициналық көмек алуға құқылы. ТМККК аясында қандай медициналық қызмет көрсетіледі?

Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлеміне мыналар кіреді:
1. Жедел жәрдем қызметтері, оның ішінде белгілі бір жағдайларда медициналық авиация шақырылады (яғни шұғыл көмек қажет болған жағдайда пациентке оның сақтандырылғанына немесе сақтандырылмағанына қарамастан көрсетілуі тиіс);

2. Медициналық-санитарлық алғашқы көмек қызметтері (МСАҚ, яғни бұл негізінен сіздің емхананыздың учаскелік қызмет деңгейінде көрсетілетін негізгі қызметтер), оның ішінде:

- 1) ең көп таралған ауруларды диагностикалау, емдеу және қадағалау;
2) халықтың нысаналы топтарын (балаларды, ересектерді) профилактикалық тексеру;
3) иммундау (вакцинация);
4) салауатты өмір салтын қалыптастыру және насихаттау;
5) ұрпақ жаңғырту денсаулығын қорғау жөніндегі іс-шаралар;
6) жұкті және босанғаннан кейінгі кезеңде өйелдерді бақылау;
7) инфекциялық ауру ошақтарындағы санитариялық-эпидемияға қарсы және санитариялық-профилактикалық іс-шаралар.
3. Амбулаториялық жағдайда мамандандырылған медициналық көмек (бұл емхана деңгейінде, оның ішінде есепте тұрғандар үшін және шұғыл жағдайлар туындаған кезде көрсетілетін қызметтер):

- 1) АИТВ-инфекциясының және туберкулездің алдын алу және диагностикалау;
- 2) жарақаттар, уланулар немесе басқа да шұғыл жағдайлар кезіндегі қызметтер, оның ішінде елдегі эпидемиологиялық жағдайдың нашарлауын тудыратын аурулар кезіндегі және оларға күдік туындаған жағдайларда сақтандырылған мәртебесіне қарамастан барлық адамдар үшін мобильді бригаданың қызметтері;
- 3) әлеуметтік маңызды аурулар кезіндегі диагностика және емдеу;
- 4) динамикалық бақылауға жататын созылмалы аурулар кезіндегі диагностика және емдеу.
4. Стационарды алмастыратын жағдайларда мамандандырылған медициналық көмек (айтпақшы, бұл коронавируспен ауырған науқастарды үйде емдеуді де қамтиды):

- 1) әлеуметтік мәні бар ауруларды емдеу кезінде;
- 2) елдегі эпидемиологиялық ахуалдың нашарлауын тудыратын аурулар кезінде және оларға күдік туындаған жағдайларда сақтандырылған мәртебесіне қарамастан, барлығы үшін үйдегі ст
- 3) динамикалық бақылауға жататын созылмалы аурулар кезінде емдеу.

5. Стационарлық жағдайдағы мамандандырылған медициналық көмек (пациенттердің белгілі бір санаттары үшін ауруханада емдеу):

- 1) айналасындағыларға қауіп төндіретін инфекциялық немесе паразиттік аурумен ауыратын науқаспен қатынаста болған адамдарды, сондай-ақ бактерия тасымалдаушыларды, вирус тасымалдаушыларды және қауіп төндіретін инфекциялық немесе паразиттік ауруға күдікті адамдарды оқшаулау кезінде;
- 2) инфекциялық, паразиттік ауруларды және айналасындағыларға қауіп төндіретін ауруларды емдеу кезінде;
- 3) сақтандырылу мәртебесіне қарамастан адамдарға шұғыл көмек көрсету, оның ішінде төулік бойы стационардың қабылдау бөлімшесінде емдеу-диагностикалық іс-шаралар өткізу;

- 4) жоспарлы тәртіпте.
6. Медициналық оңалту:
 - 1) негізгі ауруды емдеуде;
 - 2) туберкулезбен ауыратын науқастар үшін.
 7. Паллиативті медициналық көмек;
 8. Мамандандырылған медициналық көмек көрсету кезінде медициналық көрсеткімдер болған кезде қан препараттарымен және оның компоненттерімен қамтамасыз ету;
 9. Амбулаториялық, стационарды алмастыратын және стационарлық жағдайларда мамандандырылған медициналық көмек көрсету кезіндегі патологиялық-анатомиялық диагностика;

10. Қазақстандықтарды шетелге елдеуге жіберу және (немесе) отандық медициналық ұйымдарда емделу үшін шетелдік мамандарды тарту;
11. Дәрілік заттармен, медициналық бұйымдармен, мамандандырылған емдік өнімдермен, иммундық-биологиялық дәрілік препараттармен қамтамасыз ету (Әлеуметтік маңызы бар, созылмалы аурулары бар динамикалық есепте тұрған адамдар үшін қарастырылған. Бүгінгі күні амбулаториялық деңгейде ТМККК шеңберінде дәрілік заттар мен медициналық

бұйымдардың 347 атауы бойынша 49 нозология қамтамасыз етіледі. Тізбе ҚР Денсаулық сақтау министрінің № 75 бұйрығымен бекітілген). Аталған барлық жағдайларда сақтандырылмаған азаматтар мемлекет кепілдік берген тегін медициналық көмек көлемі шеңберінде оларға көрсетілетін қажетті көмекке сене алады. «Егер сізге шұғыл көмек қажет болып, МӘМС жүйесінде сақтандыру мәртебеңіз жоқ екенін алға тартып, медициналық көмек көрсетуден бас тартса, дәрігерге пациенттің өз құқықтары туралы мәлімдеп, олардың сақталуын талап ету қажет. Қордың елорда филиалына осы мәзмұндас өтініш-шағымдар да жиі түседі. Сондықтан азаматтар өз құқықтарын білсе екен дейміз», – дейді Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры елорда филиалының директоры Нұрлыбек Қабдықаларов. «МӘМС үшін жарна төлемеген жағдайда, пациенттер бармай-сурамай тұрып, мен көмек ала алмаймын деп ойлап, тіпті емханаға жүгінбейтін де фактілер бар. Естеріңізге сала кетейін, жоғарыда аталған жағдайлар бойынша медициналық мекеме Сізге тегін көмек көрсетуден бас тартпауы тиіс. Ал, қажет болған жағдайда жан-жақты тексеруден өтіп, медициналық қызметтерді (бейінді мамандардың консультациялары, диагностикалық зерттеулер, жоспарлы операциялар, соның ішінде қымбат тұратын операциялар, т.б.) кеңінен пайдалану үшін МӘМС жүйесінің қатысушысы болған дурыс», - деп жазды «Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының» баспасөз қызметі.

Қосымша сұрақтар туындаған жағдайда емхананың анықтама қызметіне немесе Пациенттерді қолдау қызметіне хабарласуға болады. Егер ол жерде шешімін таппаса, Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорына fms.kz ресми сайты, 1406 байланыс орталығы, Qoldau 24/7 мобильді қосымшасы және Telegram-дағы SaqtanduryBot секілді өзiңiзге ыңғайлы байланыс арнасы арқылы хабарласыңыз.

inform.kz

ТІЛЕГІМІЗ АЯҚСЫЗ ҚАЛМАСА...

Жылдағы дәстүр бойынша өткен аптада Көптоғай ауылдық округі әкімі Ерлан Асылбаев 2021 жылғы ауылдың әлеуметтік-экономикалық даму қорытындылары және 2022 жылға арналған міндеттері туралы халық алдына есебін берді. Әлемді жаулаған індет қай салаға болсын өз есерін тигізді. Бірақ елімізде оған қарамастан көп жұмыстар атқарылған. Баяндамада айтылған жұмыстар көз алдымызда орындалған жұмыстар. Ауылымызда көптеген жұмыстар атқарылған, 2 қабатты үлкен мектеп, медициналық пункт бой көтеріп, ауылдық клуб пен кітапхана жөндеуден өтті. Осының барлығы ең қастерлі құндылығымыз - Тәуелсіздіктің жемісі деп білемін. Алда әлі атқарар шара жетерлік. Соның бірі, ауыл халқы тұрақты, бала туу көрсеткіші жоғары себепті ауылымызға шағын болса да балабақша салынса, көгалдандыру мәселесі бір жолға қойылса деген ауыл халқының тілегі бар.

Мейірім ӘБДІРЗАҚ,

Амангелді орта мектебінің мұғалімі.

ХАБАРЛАНДЫРУ!

Құрметті Көптоғай, Амангелді ауылының тұрғындары!
2022 жылдың 11 наурыз күні сағат 10⁰⁰-де «Ақтөбе облысы, Ойыл ауданы, Көптоғай ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінің Көптоғай ауылы, Достық көшесі №6 мекен-жайындағы кеңсе ғимаратында Көптоғай ауылдық округі бойынша қоғамдастық жиыны өтеді.

Күн тәртібіндегі мәселе:
 Қазақстан Республикасы Үкіметінің 24 ақпандағы 2014 жылғы №138 «Әкімшілік – аумақтық бірліктерге, елді мекендердің құрамдас бөліктеріне атау беру, оларды қайта атау, сондай-ақ олардың атауларының транскрипциясын нақтылау мен өзгерту кезінде тиісті аумақ халқының пікірін ескеру қағидасын» және «Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылыс туралы» Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсанындағы Заңына, Қазақстан Республикасының «Жергілікті мемлекеттік және өзін-өзі басқару туралы» заңдарына сүйене отырып Көптоғай ауылдық округі, **Көптоғай, Амангелді** ауылдарының көшелерінің атауын өзгерту.
«Көптоғай ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ

ХАБАРЛАНДЫРУ!

Құрметті Саралжын, Ақкемер, Бестамақ, Шикұдық ауылының тұрғындары!

2022 жылдың 11 наурыз күні сағат 10.00–де Ақтөбе облысы Ойыл ауданы Саралжын ауылы Бейбітшілік көшесі №15 мекен-жайында орналасқан Саралжын ауылдық клубының ғимаратында Саралжын ауылдық округі бойынша жергілікті қоғамдастық жиыны өтеді.

Күн тәртібіндегі мәселе:
 Қазақстан Республикасы Үкіметінің 24 ақпандағы 2014 жылғы № 138 «Әкімшілік – аумақтық бірліктерге, елді мекендердің құрамдас бөліктеріне атау беру, оларды қайта атау, сондай-ақ олардың атауларының транскрипциясын нақтылау мен мен өзгерту кезінде тиісті аумақ халқының пікірін ескеру қағидасын» және «Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылыс туралы» Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Заңына, Қазақстан Республикасының «Жергілікті мемлекеттік және өзін-өзі басқару туралы» заңдарына сүйене отырып **Саралжын, Ақкемер, Бестамақ, Шикұдық ауылдарының көше атауларына өзгеріс беру туралы қоғамдық тыңдалым өтеді.**

« Саралжын ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ

МЕН ТАҢДАҒАН МАМАНДЫҚ - ХАЛЫҚ МАҚТАНЫШЫ!

Мамандық таңдау – адам өміріндегі ең маңызды қадамдардың бірі. Себебі адам тағдырының бір бөлігі таңдаған мамандығымен ұштасып жатады.

Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі М.Ғабдуллин атындағы азаматтық қорғау академиясы төтенше жағдайлар органдары

мен бөлімшелерінде қызмет ету үшін жоғары білімі бар білікті офицерлерді даярлады жүзеге асыратын Қазақстан Республикасы ТЖМ ведомстволық оқу орны болып табылады.

Жоғары білікті мамандарды даярлау күндізгі және сырттай оқу түрлері бойынша жүргізіледі.

АЗАМАТТАРДЫ КҮНДІЗГІ ОҚУ ТҮРІ БОЙЫНША ОҚУҒА ҚАБЫЛДАУ ТӨРТ КЕЗЕҢНЕН ТҰРАДЫ:

Бірінші кезеңде қабылдау комиссиясы талапкерлердің жеке істерімен танысып, содан кейін ұлттық бірыңғай тестілеу (ҰБТ) немесе кешенді тестілеу (КТ) нәтижелері бойынша іріктеу жүргізеді.

Екінші кезеңде медициналық және психофизиологиялық көрсеткіштер бойынша іріктеу жүргізіледі.

Үшінші кезеңде талапкерлер бекітілген нормативтерге сәйкес дене шынықтыру дайындығы бойынша сынақтар тапсырады.

Төртінші кезеңде қабылдау комиссиясы курсанттар қатарына қабылдайды. Курсанттарды оқыту, киім-кешек және тамақтануы республикалық бюджет есебінен жүзеге асырылады. Сонымен қатар, стипендия төленеді. Күндізгі оқытудың толық курсын бітіргендер үшін оқу уақыты (4 жыл) мерзімді ескері қызметке теңестіріледі, бітірген түлекке арнаулы азаматтық қорғау лейтенанты офицер атағы беріледі. Елімізде төтенше жағдайлар органдарына мамандар дайындайтын жалғыз оқу орын. М. Ғабдуллин атындағы азаматтық қорғау академиясының ең басты артықшылығы - тегін оқу, кепілді жұмыспен қамту.

«Құтқарушы болу – ол ықылас» - деп, жайдан-жай айтаған. Сондықтан, осы мамандықты қалайтын оқушыларды аталған оқу орнына түсету шақырамыз!

Қосымша мәліметті Ойыл ауданының төтенше жағдайлар бөлімі мен №18 Өрт сөндіру бөлімінен 2-17-41 телефоны арқылы алуларыңызға болады.

Ойыл ауданының төтенше жағдайлар бөлімі

ЭЛЕКТР ЖҮЙЕЛЕРІНЕ МҰҚИЯТ БОЛАЙЫҚ!

Ағымдағы жылдың 3 ақпан күні көршілес Қобда ауданының Қызылжар ауылындағы тұрғын үйден өрт оқиғасы орын алып, 2017 жылы туылған егіз бұлдіршіндер мерт болды. Өрттің шығу себебі тұрғын үйде жүргізілген электр сымдарының қысқа тұйықталуынан болған.

Бұндай оқиғалардың басым бөлігі тұрғын үй иелерінің салғырттығынан, тоқ өткізу жүйелеріндегі ақауларды кесірінен, көбінесе дурыс орнатылмаған және дурыс қолданылмаған электр қондырғылардың кесірінен болатындығы белгіленді. Ерте ме, кеш пе, дурыс орнатылмаған желілер, қате жалғанған кабельдер, сақтандырыштардағы ақаулар өрттің шығуына себеп болады.

Отбасыңызды өрт пен тоқтаң зақымдаудан сақтау үшін бірқатар ережелерді сақтау қажеттігін ескерткіміз келеді:

– бір уақытта желіге қосылған бір-неше электрқұрылғылар тоқ жүйесінің шамадан тыс жүктелуіне өкеледі және ол өрт туындауының себепшісі болуы мүмкін;

– егер Сіз тұрмыстық техниканы іске қосқанда және сөндіргенде, ұшқын көрсеніз немесе электр құрылғыларды желіге қосқанда розеткалар қыза бастаса, ол желілердің ішінде ақау бар деген сөз. Өрт қаупінің алдын алу үшін розеткаларды ауыстыру қажет;

– есіңізде болсын, сақтандырыш-тар электр жүйелерінің тұйықталуынан сақтайды, бірақ өрттің алдын

Ойыл ауданының Төтенше жағдайлар бөлімі

қа шақырып, жамандықтан тық, жолдан тас, тікен, сүйек секілді нәрселерді алып тастау, өз шелегіңнен бауырыңның шелегіне су құю – бұның бәрі садақ.

Пайғамбарымыз (салпалауыр әлейһи уәсәлем) «Жарты құрма болса да, садақа беріп тозақтың отынан сақтаныңдар. Бұған да шамасы жетпегені өзін жақсы сөз арқылы қорғасын», - деген. «Садақаны саулығың-да бер» - деген бабаларымыз бес күндік тіршілікте ажал келместен, басқа бәле келместен алдын-ала садақа беруді үрдіске айналдырған».

Имamnың сол дағуаты есеңгіреп, еңсе тіктей алмай жүрген Бисеннің жүрегің елжіретіп, ерекше толқытқан. Содан бері садақа беріп жүруді ұмытқан емес. Бүгін де мешіттің садақа қорабына мың теңгелікті салып, күбірлеп жол дұғасын оқып сапарға шықты.

Сапарлас келіншектің туған апасы қайтыс болған екен. Жүрек талмасыннан кетіпті. Келіншек барғанша өлсін-өлі көз жасын тыя алмай отырды. Өлім жолы ауыр жол, қара жамылған жолаушылармен емен-жарқын шешіліп өңгіме айта алмасын анық. Жол бойы өркім өз ойымен арпалысып, Ақтөбеге зілмауыр үнсіздікпен жетті.

Бисен алды кеш болса да кідірген жоқ, кері шықты. «Индрайверден» қасына жолсерік те табыла кетті. Өзі шамалас әйел адам. Әйел болса да, қасында қарайып тірі жан отыранға не жетсін. Әйтпесе, жолда жалғыз жүргеннен қынн нәресе жоқ. Жолсерік табылғанына іштей қатты қуанған ол тіпті іштей «жолқаысын алмаймын» деп шешіп те қойды.

Өңгімелері ө дегенде жараса кетті. Аты Мелика екен. Күйеуінен жалғыз баламен ерте қалыпты.

«...Жолдасымнан ерте айырылдым. Құрылысшы еді. Үй салып жатқанда жоғарыдан құлап өлді. Көп қынықыз көрдім. Мектептің еден жуушы жалақысымен баламды жетілдірдім. Балам өкесіз ескен соң ба, ұяң, қыз мінезді болып өсті. Өтірік айтуды білмейді, жүрегі сондай жұмсақ. Ауырып қалсам, «Анашым, сен ауырмашы» - деп бала-шағ болады».

Мелика көз жасын тоқтата алмай біраз отырды.

- Қасындағы жолдастары төбелестен өлген баланың кінәсін менің балама жауыпты. Сүйеніштері мықты болу керек, бері құтылып кетті. Адвокат жалдадың десем ақшам жоқ. Жақында осы Оралдың түрмесіне өкелді. Соған келе жатқан бетім.

Өзінің түрі де келісті көрінді. Бисен

өлсін-өлі көз қиығымен қарай бергенін өзі де аңғармай отыр.

Тал қазір таңертеңгі тымық ауа жоқ, жаяу борасын соғып тұр. Ауа райынан секемденген Бисен машинасына газды баса, жүріні жылдамдатты. Жымпитыға дейін өлі біраз жер, қыс мінезі өзіне сырғалы. Өңшейінде жол бойында шұбырып жататын көліктердің қарасы азыйған. Аспан түнеріп тұрған соң ба, кеш те ерте түсіп кеткендей, ө дегенше көз байлана бастады.

Қоскөлдiң тұсынан аса бергенде алдынан көлік көрiндi. Жеңiл машина тоқтап тұр. Жол жиегiнде әйел адам қолын бұлғайды. Жақын келiп тоқтады. Жап-жас келiншек. Ақтөбедең түске таман шыққан. Машина осы жерге келгенде өзiнен-өзi өшiптi де қалыпты. Жанарында үрей мен үмiт аралас келiншектiң өбден тоңазығаны байқалады.

- Жолға жалғыз-жарым шыққаныңыз қалай? - дедi Бисен таңданысын жасыра алмай.

- Осыған дейiн талай шығып жүрмiз гой, келiгiм бұлғай жолда қалдырған көрмеген едi,-дедi келiншек күмiлжiп.

- Қызықсыз, темiрге сенiм бар ма?..

Бисен басын шайқаған күйi көлiктiң капотын ашып, ұялы телефонның жарығымен үңiле қарады. Свечаға от беретiн сым үзiлiп кетiптi. Бұлай тез бiтедi деп күтпеген келiншектiң қуанышында шек жоқ.

- Көрер жарығым бар екен, жеткен жерiм осы ма деп қорқа бастап едiм. Сiзге қарыздармын! Жолалушыға көмектесудiң сауабы мол деп жатады гой, Алла ниетiңiздi қабыл етсiн! - деп алғыс-рахметiн жаудырып жатыр.

- Ешқандай алғыс айтудың қажетi жоқ, менiң орнымдағы кез келген еркек дәл осылай iстеген болар едi. Сiз менiң артымнан жүрiп отырыңыз, боранның күшейетiн түрi бар сияқты, - деп Бисен көлiгiне қарай асығыс аяндады.

Шiркiн, бiреуге жақсылық жасауды, қуаныш сыйлаудың қандай құдыретi бәрi десеңшi?! Бисен өз-өзiнен көңiлденiп, жадырап шыға келдi. Iлесiп келе ме екен деп айнадан өлсiн-өлi артқы көлiкке қарап қояды. Мелика мұның бiрiнен де хабары жоқ, пысылдап төттi ұйықға кеткен.

Өлден уақыттан соң боран рәсимен күшейе бастады. «Жымпитыға жетiп алсақ, бүгiн түнде сонда аял қылу керек» - дейдi iшкi есебi. Жанындағы Меликаны ойлады. Бала үшін ана байғұс жанын жалау қылып, отқа түсуге де даяр. Мұның да тағдыры өзiне ұқсас көрiндi, кейбiр құлдарын

БЕСТАМАҚҚА БАЙЛАНЫС, АҚКЕМЕРГЕ ЖОЛ КЕРЕК!

АУЫЛ ӘКІМДЕРІНІҢ ЕСЕБІ САРАЛЖЫН АУЫЛДЫҚ ОКРУГІНДЕ ЖАЛҒАСТЫ. АЛДЫМЕН «АУДАННЫҢ ҚАҚПАСЫ» САНАЛАТЫН БЕСТАМАҚ АУЫЛЫНДА ТҮРҒЫНДАРҒА ЕСЕП БЕРГЕН ОКРУГ ӘКІМІ МАРАТ ТӨЖІҒАЛИЕВ ӨТКЕН ЖЫЛДЫҢ ЕНШІСІНДЕГІ ЖҰМЫСТАРДЫ САРАЛАП, АЛДАҒЫ МІНДЕТТЕРМЕН БӨЛІСТІ.



Бестамақ ауылы аудандағы көгілдір отын құбыры тартылған аудан орталығынан кейінгі екінші ауыл. Өткен жылдың соңында орталықтандырылған ауыз су құбыры іске қосылды. Үш жыл бұрын жаңа мектеп салынды. Тек ауыл тұрғындарының ендігі тілегі – ұялы байланыс. Ол үшін жергілікті бюджеттен бөлінген қаражатқа тұғыры орнатылды. Ұялы байланыс операторларымен келіссөздер жүргізіліп жатыр. Ауылды күре жолға қосатын 1,5 шақырым жолдың мәселесі де биыл шешімін тапқалы тұр. Демек, мемлекет тарапынан мәселелер кезең-кезеңімен шешімін тауып келеді. Ал, Ербол Бисенов көпшілікті толғандырып жүрген тағы бір мәселе – малдың өрісі туралы сөз қозғады. Сонымен қатар, ауыл балаларына арнаулы ойын алаңы жәкәттігін де алға тартты. Тұрғындардың талап-тілегіне орай ауыл әкімі жауап берген ауыл әкімі өріс үшін көршімен киікшілгіге душар қылып отырған малдың бағылмайтыны, «айдап салмен» жүргені екенін жасырған жоқ.

Түстен кейін Марат Тілепбергенұлы

ақкөмерліктерге есеп берді. Мұнда Лиза Бақытжанова ауылға газ құбыры қашан келетінін сұраса, Өтесін Қошқаров ауыл іргесіндегі шабындықты суландыру жүйесін реттеу, шабындықты малдан қору сияқты мәселелерді көтерді. Ақкөмерліктердің негізгі тілегі тас жолға дейінгі 13 шақырым көтерме жолдың жайы. Бұл тілекте алдағы уақытта шешілгелі тұр.

Екі ауылдағы округ әкімінің есебіне қатысқан аудан әкімінің орынбасары Мұратбай Айдарбаев аудан көлеміндегі өткен жылы атқарылған жұмыстарға шолу жасап, ауылдағы жұмыссыздық мәселесін жою үшін тұрғындарды мемлекеттік бағдарламаларға қатысуға шақырды. Тұрғындар тарапынан көтерілген мәселелерге жауап берді. Екі ауылдағы округ әкімінің есебіне аудандық мәслихат хатшысы Сәкен Займолдин, аудандық ішкі істер бөлімі бастығының бірінші орынбасары Дархан Ғалымжан, аудандық жер қатынастары бөлімінің басшысы Мәулен Төремуғатовтар қатысты.

Серікбай ҚОЙБАҒАРОВ,
Ойыл-Бестамақ-Ақкөмер-Ойыл.

ШАРУАСЫНА МЫҒЫМ ШАЛҒАЙ АУЫЛДАРДА ШАҒЫМ ЖОҚ



Бекітілген жоспарға сәйкес өткен жұма Сарбие ауылдық округіне қарасты Қаракөл елді мекенінде ауыл әкімі Дәурен Бисебаев тұрғындар алдында өткен жылдың қорытындысы бойынша есеп берді. Тіршілігі мал шаруашылығымен тығыз байланысқан шағын ауылда мал басында өсім байқалады. Ветеринариялық шаралар да уақытында атқарылып, шаруалардың белсенділігі жоғары. Қаракөл ауданның Батыс Қазақстан облысымен шектесетін соңғы сағасы. Аудан орталығынан шалғай жатқан ауыл мемлекеттің қолдауынан кенде қалған емес. Былтыр ғана кешенді блок модульді құрылыс орнатылып, тұрғындар таза ауыз су тұтынып отыр. Шалғай ауылдағы ағайынның шағымы жоқ. Сырқаттанып қалған сәтте тұрғындарды тұрақты қарап, ем-дом жасап тұратын мейірбике сұрайды. Сондай-ақ, мұндағы өзекті мәселенің бірі – Қаракөл бастауыш мектебінің жылу жүйесін қайта қарап, жөндеу жүргізу жұмыстарын іске асыру...

Ауыл әкімдерінің көзекті есеп беру жиыны түстен кейін Қарай ауылдық округіне қарасты Құбасай елді мекенінде жалғасты. Ауыл әкімі Айбек Сұлтанов өткен жылдың қорытындысын тұрғындарға баяндап, ағымдағы жылы жасалатын жұмыс жоспары мен

басты міндеттерін атап өтті. Мұндағы басты мәселе - өткен жылы халық игілігіне берілген кешенді блок модульді құрылыс өзірше іске жарамай тұр. Бұл мәселені ауыл әкімі жаз шыға шешімін тауып, жөндеп беруге уәде етті. Ауыл әкімінің Құбасай елді мекеніне байланысты басты міндетіне тоқталсақ, ауылда балалар ойын алаңын салу. Демек, бұл игі іс ауыл баласының қоғамнан алшақтамауын көздейді.

Қос ауылда да аудан әкімінің орынбасары Мұратбай Айдарбаев елді мекен тұрғындарын аудан бойынша атқарылып жатқан межелі жұмыстарды толыққанды қамтыды. Биыл жұмыссыз жастарға 1 225 000 тг грант беріледі. Бизнес жоспарын құрып, кәсіпкерлік палатасында оқуы тиіс. Осы сынды жастар тәжірибесін он екі айға ұзартылғанын хабардар етіп, әлеуметтік сала жан-жақты тоқталып өтті.

Келесі ретте Ойыл аудандық мәслихат хатшысы Сәкен Займолдин ауылдағы ата кәсіппен айналысып отырған ағайынды елімізді көркейту жолында ауызбіршілікте бірлесіп жұмыс жасауға шақырды. Жайылымдарды тиімді пайдалануды ұйымдастыру керектігін баса айтты.

Муса ӘДІЛБАЙҰЛЫ,
Ойыл-Қаракөл-Құбасай-Ойыл.

ЕКІ ПЕТАЛДЫҚТАРДЫҢ МҰҢЫ – ЕКІ ШАҚЫРЫМ ЖОЛ



Әкімдердің халыққа есеп беру кездесулері жыл сайын ҚР Президентінің «Орталық атқарушы органдар басшыларының, әкімдердің, жоғары оқу орындары ректорларының халыққа есеп беру кездесулерін өткізу туралы» Жарлығына сәйкес өткізіледі. Ойыл ауылдық округі Екпетап ауылының мектебінде өткен жиында Ойыл ауылдық округі әкімі Сәндібек Дәулетқалиев халыққа екі жиінде атқарылған жұмыстарға нақты тоқталды. Тұрғындармен кездесуде ауылдың тазалығы, малдың күтімі, жол қатынасы сынды мәселелер көтерілді. Сонымен қатар, ауыл әкімі Екпетапқа шағын футбол алаңын салуды көздеп отыр.

Сондай-ақ, екпетапдықтар бұралқы иттердің қаптап кеткеніне де назар аударуды сұрайды. Және қазіргі уақыттағы өзекті болған Ойыл өзенінің жайын да қозғады. Ал, Ойыл өзенінің

тартылу себебін тұрғындарға түсіндірген аудан әкімінің орынбасары Саян Сүлейменов табиғаттың мұндай құбылысын қалпына келтіру республикалық деңгейдегі шаруа екендігін айтып, бұл мәселе жан-жақты зерттеліп, облыстық деңгейде көтеріліп жатқандығын айтып өтті. Тұрғындардың ендігі бір тілегі – ауылдың кіре беріс екі шақырым жолы. Биыл осы жолды жақылдандыру үшін шебөні тас төсеу қоспарланып отырғандығын жеткізді. Сонымен қатар, қаз тарту үшін жобалық-сметалық құжаттар дайындау жұмыстары жүргізіледі.

Тұрғындардың жекелеген сауалдарына әкімдердің есеп беру-кездесулеріне қатысқан мекеме басшылары жауап беріп, соңынан қоғамдық қабылдау өткізді.

Гаухар АЛЕКСЕЕВА,
Ойыл-Екпетап-Ойыл.

БЫЛТЫРҒЫ БІРАЗ ТІЛЕК ОРЫНДАЛДЫ, ТЕК ЖОЛ ҚАЛЫП ТҮР...

КӨСЕМБАЙ АУЫЛЫНЫҢ ТҮРҒЫНДАРЫМЕН КЕЗДЕСКЕН ҚАЙЫНДЫ АУЫЛДЫҚ ОКРУГІНІҢ ӘКІМІ ЫРҒЫЗБАЙ ҚОСДӘУЛЕТОВ 2021 ЖЫЛҒЫ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУ КӨРСЕТКІШТЕРІ ЖӨНІНДЕ БАЯНДАМА ЖАСАП, АЛДАҒЫ АТҚАРЫЛАТЫН БАСТЫ МІНДЕТТЕРІНЕ ТОҚТАЛЫП ӨТТІ. АУДАННАН АРНАЙЫ БАРҒАН «NUR OTAN» ПАРТИЯСЫ ОЙЫЛ АУДАНДЫҚ ФИЛИАЛЫ ТӨРАҒАСЫНЫҢ БІРІНШІ ОРЫНБАСАРЫ ЕРКІН ЖИЕНАЛИН АЛДАҒЫ ЖЫЛДА БОЛҒАЛЫ ЖАТҚАН РЕФОРМАЛАР МЕН ӨЗГЕРІСТЕРДІ КЕҢІНЕН ТҮСІНДІРДІ.



Ауыл әкімі есеп беру кезінде бірсыпыра мәселелерге тоқталды. Шағын және орта бизнесті одан әрі қолдауға шақырды. Сонымен бірге ауылда мемлекеттік бағдарламалар кезең-кезеңімен орындалуда. Атап айтқанда, шағын кәсіпкерлікті дамыту мақсатында 2021 жылы ауылдық округте жаңадан 1 шаруа қожалық, 9 кәсіпкер өз жұмысын бастаған. Алдағы уақытта ауыл әкімі ауылдың санитарлық-тазалық жұмыстарын одан әрі жақсарту, елді мекендерді көгалдандыру және көшелерді жарықтандыру жұмыстары мен мемлекеттік бағдарламаларды округ тұрғындарына түсіндіре отырып жеке кәсіпкерлікті дамыту арқылы жұмыссыздықтың деңгейін төмендетуде нақты іс-шаралар атқаруды мақсат етіп қойғандығын атады.

Өткен жылғы есеп беру кездесулерінде айтылған мәселелер бойынша шағын футбол алаңы мен хоккей корты салынып, пайдалануға берілген және атқарылатын жұмыстар бар екенін ескертті. Ауылдың көшелері жарық шамдарымен толыққан. Әкімге

кездесу барысында тұрғындар тарапынан жол қатынасы, жолаушылар тасымалына байланысты, электр қуатының ауылдың кейбір бөлігінде төмендігі туралы сауалдар қойылды. Мәселен, қазіргі уақытта тұрғындарды бұралқы иттердің көбейіп кетуі алаңдатып отыр.

Ойыл ауданы әкімдігінің халықты жұмыспен қамту орталығының директоры Аралбай Жолдыбаев атаулы әлеуметтік көмекті төлеудің жаңа форматы, қайтарымсыз грант жөнінде түсіндірсе, Ақтөбе облысы ветеринариялық басқармасы Ойыл аудандық филиалы бас маманы Арсланбек Алдияров тұрғындарға ит-мысықтарды ұстау-бағу, аулау тәртіптерін түсіндірді.

Кездесу соңында мекеме басшылары бірқатар әлеуметтік нысандарды аралап, олардың жағдайымен және жүргізіліп жатқан жұмыстарының барысымен танысты.

Гаухар АЛЕКСЕЕВА,
Ойыл-Көсембай-Ойыл.

АМАНГЕЛДІГЕ АЛДЫМЕН БАЛАБАҚША ҚАЖЕТ, КӨГІЛДІР ОТЫННАН ҚАРАСУЛЫҚТАР ДА ҮМІТТІ

ӨТКЕН АПТАДА КӨПТОҒАЙ АУЫЛДЫҚ ОКРУГІНІҢ ӘКІМІ ЕРЛАН АСЫЛБАЕВ ОКРУГКЕ ҚАРАСТЫ ҚАРАСУ, АМАНГЕЛДІ ЕЛДІ МЕКЕНДЕРІНІҢ ТҮРҒЫНДАРЫМЕН КЕЗДЕСІП, ЕСЕП БЕРУ ЖИЫНЫН ӨТКІЗДІ. АУЫЛ ӘКІМІНІҢ ЕСЕП БЕРУ ЖИЫНЫНА АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТ ХАТШЫСЫ СӘКЕН ЗАЙМОЛДИН МЕН АУДАН ӘКІМІНІҢ ОРЫНБАСАРЫ МҰРАТБАЙ АЙДАРБАЕВ ЖӨНЕ БІРҚАТАР МЕКЕМЕ БАСШЫЛАРЫ ҚАТЫСТЫ.



Онда алдымен округ әкімі Ерлан Асылбаев Көптоғай ауылдық округінің 2021 жылғы әлеуметтік-экономикалық даму көрсеткіштері жөнінде баяндама жасап, алдағы атқарылатын басты міндеттеріне тоқталып өтсе, ауыл тұрғындары көкейлерінде жүрген сауалдарын қойып, ұсыныс-пікірлерін жергілікті билік өкілдеріне жеткізді.

Келесі кезекте аудан әкімінің орынбасары Мұратбай Айдарбаев аудан бойынша атқарылған жұмыстар мен ағымдағы жылы жүзеге асатын ауымды игі істер жөнінде ақпарат беріп, барыс жылындағы аудан үшін қуанышты жаңалықтармен бөлісті.

Әрі қарай кеңірек тоқталсақ, Қарасу елуге жуық түтіні бар шағын ауыл. Мұндағы тұрғындардың барлығы дерлік мал шаруашылығымен айналысады. Сондықтан негізгі табыс көзі – төрт түліктің. Шөбі шалғын, өзені ауыл іргесінде ағып жатыр. Тіпті қос бағып, бау-бақша салуға да өте қолайлы. Еліміз егемендік алғалы бұл

ауылда да біраз өзгерістер болды. Тәуелсіздік жылдарында заманауи үлгідегі амбулатория салынса, мектептің жылыту қазандығы жаңартылып, электр қуатына алмасқан. Тұрғындар тарапынан көтерілген мәселе ауылға ауыз су мен көгілдір отын керек.

Амангелді жыл санап көркейіп, халықтың табиғи өсімі артып келе жатқан алдыңғы қатарлы ауылдардың бірі. Малмен күнкөріс жасап отқан ауыл болғанымен жаңашылдыққа ұмтылыс бар. Амангелді елді мекеніне балабақша керек. 100-ден аса түтіні бар ауылдың демографиялық динамикасы көңіл қуантады. Алайда, ауданның ең үлкен елді мекенінде балабақша мәселесі өлі күн тәртібінде тұр. Жыл сайыны ауыл әкімінің есебінде тұрғындар тарапынан қозғалып жүрген мәселе биыл да жоғары деңгейде қозғалды.

Муса ӘДІЛБАЙҰЛЫ,
Ойыл-Қарасу-Амангелді-Ойыл.

ҚАРАКЕМЕР СУҒА ЗӘРУ, АҚШАТАУДА КЛУБ ЖОҚ!

Ойыл ауылдық округінің әкімі Сәндібек Дәулетқалиевтың тұрғындар алдындағы есептік кездесуі кеше Қаракемер мен Ақшатау елді мекендерінде өтті. Жиында округ әкімі ауылдардың өткен 2021 жылғы әлеуметтік-экономикалық салаларының дамуы мен атқарылған жұмыстарымен қоса, ағымдағы жылы алға қойған негізгі міндеттер туралы баяндады. Қаракемер ауылында мал басында өсім байқалады. Алдағы уақытта елді мекенде екі көшеге жарықтандыру жұмыстары жүргізілетінін айтты.

Ұсыныс-тілектер жиыныға қатысушылар тарапынан да айтылды. Айта кетсек, округ әкімі бір күнде екі елді мекенге берген есебінде қос ауылдың да тұрғындарының тілегі көгілдір отын мен ауыз су мәселесі болды. Сондай-ақ, көшелерді жарықтандыру, жол мәселесін көтерді.

Түстен кейін, ауыл әкімдерінің кезекті есеп беру кездесуі Ақшатау ауылында жалғасты. Мұндағы басты мәселе – заманға сай ауылдық клуб салу. Алдағы уақытта бұл мәселе де демеуші табылса, шешімін табатынын айтты. Тұрғындар малдың бағылуы мен өңір өрісі және мал азығы туралы да өз ұсыныстарын жеткізді. Тұрғындар тарапынан қойылған сауалдар мен тілектерге Сәндібек Дәулетқалиевпен бірге осы жиыныға арнайы қатысқан аудан әкімінің орынбасары

Саян Сүлейменов жауап берді. Екі ауылдағы кездесуде де Саян Сапарұлы ауданда өткен жылы атқарылған жұмыстарды саралап, алдағы міндеттерді жеткізді.

Сонымен қатар, «Ойыл аудандық ветеринариялық стансасы» МКК басшысы Серік Сармұханов малдарды сыралау, таңба бастыру, дерек-қорға енгізу, ауруға қарсы екіртру жұмыстары да бүгінгі күннің басты талабы екенін жеткізді. Қазіргі кездегі мал арасындағы өршіп тұрған жұқпалы аурудың алдын-ала сақтау шараларына мұқият қарауды ескеріп, кеңестерімен бөлісті. Ойыл селолық округінің учаскелік инспекторы Айбек Шегетев қолданыстағы заңға енгізілген өзгерістер мен толықтыруларға тоқталып, бағусыз малдың иесіне қолданылатын шаралар туралы түсіндірді.

PS. Есеп беру жиынынан кейін округ әкімі, аудан әкімінің орынбасары елді мекендегі ескі құдықтық жөй-күйін қарап, жалпы жер асты су қорының азаюына байланысты қазіргі таңда Қаракемер елді мекенін қамтып отырған су ұңғымалары (скважин) орталық су құбырына қосылғанға дейін халыққа түсумен қамтамасыз ету үшін ескі құдықтан су тасу мәселесін қарады.

Гаухар АЛЕКСЕЕВА,
Ойыл-Қаракемер-Ақшатау-Ойыл.



Ойыл ауылы, Желтоқсан көшесі №23 үйдің тұрғыны, аудандық музейдің ғылыми қызметкері Дулат Исабаевқа!

Ш.Берсиев атындағы Ойыл аудандық өнер және өлке тарихы музейі Сізді 40 жасқа толу мерекеніңбен шын жүректен құттықтайды!

Сіз көп жылдан бері музей саласында тынымсыз еңбек етіп, осы жолда көп белес-биіктерден өткен жігерлі азаматсыз. Бойыңыздағы еңбекке адал, мақсатқа берік қасиеттеріңіздің арқасында Ақтөбе облысы бойынша «Үздік музей қызметкері» атандыңыз. Әріптестеріңіз Сізді алға ұмтылғыш, іскер ұйымдастырушы, жарқын бастамалардың қолдаушысы ретінде ерекше бағалап, құрмет тұтады. Бүгінгідей мерейлі сәтте, Сізге ақ ниетпен мықты денсаулық, қажымас күш-қайрат, ортаймас несібе-дәулет тілейміз. Еңбекте толағай табыстарға, мақсатта биік шыңдарға жете беріңіз, абырой-беделіңіз бен табыс-тартуларыңыз арта берсін. Әрдайым отбасыңыз аман, жүзіңіз жарқын, мерейіңіз үстем болсын!

Игі тілекпен, музей ұжымы.



МАЛ АУРУЫНАН ТАЗА АУЫЛДЫҢ ТІЛЕГІ АУЫЗ СУ

КӨПТОҒАЙ АУЫЛДЫҚ ОКРУГІ ӘКІМІ ЕРЛАН АСЫЛБАЕВТЫҢ ЕСЕП БЕРУ-КЕЗДЕСУІ ШҮБАРШИ АУЫЛЫНДА БАСТАЛДЫ. АУДАН ӘКІМІНІҢ ОРЫНБАСАРЫ САЯН САПАРҰЛЫ АУДАН БОЙЫНША ЖЫЛ БОЙЫ АТҚАРЫЛҒАН ЖҰМЫСТАРҒА ТОҚТАЛЫП ӨТТІ. ШҮБАРШИ ЕЛДІ МЕКЕНІ ТҮРҒЫНДАРЫНЫҢ АЛДЫНДА ӨТКЕН ЖЫЛЫ АТҚАРЫЛҒАН ЖҰМЫСТАРЫ МЕН БЫЛҒЫ ЖЫЛДЫҢ ЕНШІСІНДЕГІ ЖОСПАРЛАРЫ ТУРАЛЫ ЕСЕП БЕРГЕН ОКРУГ ӘКІМІ ЕРЛАН АСЫЛБАЕВ АУЫЛДА ЕГІН ШАРУАШЫЛЫҒЫНДА ҚИЫНДЫҚ БАРЫН АЙТТЫ.

«Салауатты Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы жобасы бойынша жылжымалы рентген кәлігі келіп, 4 ауылда 210 тұрғын флюорографиялық тексеруден өткен. Рентген аппаратына түсу жағдайы баяу, салғырттық танытатын, денсаулығына нөмірқұрайлы қарайтын ауыл тұрғындары бар екенін жасырмады. Және коронавирусқа қарсы вакцинациялау нәтижесінде 653 адам «Спутник V», «CoronaVac» вакциналарын алған.

«Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған» «Еңбек» бағдарламасы бойынша 6-7 кәсіпкер мал басын өсіру және асылдандыру мақсатында 14 млн. теңге несие алған және бұл алдағы уақытта жалғасын табатындығын тілге тиек етті.

Одан кейін ауыл тұрғындары сауалдарын қойды. Алғаш сөз алған Молдабай Байқуатов тұрғындардың тұтынуына жарамсыз болып отырған орталықтандырылған ауыз судың сапасы, газ тарту мәселесін, қысқы жол қатынасын қамтамасыз ету жайын қозғады. «Ауыз су жағдайын 5 жыл бойы жөндейміз деді, бірақ жөнделмеді. Алдағы уақытта іске асырыламаз?» деген сауалын қойса, Аманжол Қойшыбеков жол мәселесі, мәдениет саласы

бойынша ауылдағы клубқа заманға сай жөндеу жасау қажет екендігін айтты.

Қазір бұл шаруалардың жобалау-сметалық құжаттарын әзірлеу жұмыстары жүргізіліп жатыр. Шұбарши ауылындағы тағы бір өзекті мәселе жол мәселесі, келіп тұрған жолды Атырау облысы Миялы шекарасына қосуды көздеп отырғанын, жобасы басталып кеткендігін мәлім етті.

Ақтөбе облысы ветеринариялық басқармасы Ойыл аудандық филиалының бас маманы Арсланбек Алдияров ауылдық округтерде мал ауруы өршіп тұрғанын, Нұрсұлтан қаласынан келген сараптама нәтижесі жақсы. Шұбарши ауылы мал ауруынан таза екенін айтты. Бірақ арқаны кеңге салуға болмайтынын, санитарлық талаптарды сақтауды ескерді.

Кездесу соңында ауыл әкімі тұрғындар тарапынан қойылған сауалдарға жауап берсе, аудан әкімінің орынбасары Саян Сүлейменов тұрғындар көтерген кейбір мәселелерге кеңірек тоқталды.

Сонымен қатар, ауыл балалары үшін шағын футбол алаңын салу да биылғы жылдың енішесіне.

Гаухар АЛЕКСЕЕВА,
Ойыл-Шұбарши-Ойыл.

Алғыс

Мен Сыдықов Руслан Қыздарбайұлы, жыл жарымдай бұрын, мұзда тайып құлап оқыстан, омыртқамна зақым келтіріп алған едім. Ауырған адамның жаны сол жерінде деген, мазамды кетірді, қатты ауырдым. Содан өзімнің тұрғылықты жерімде, яғни Ойыл аудандық ауруханасында алғашқы емімді қабылдадым.Менің денсаулығымның түзелуіне евуелі алла, сосын аталымша аурухана дәрігері невролог Хасанова Өйгерім, медбике Ергалиева Дана, медбике Түреева Әсел ханымдар. Осы кісілерге алғымсыз шексіз. Ауруханада шынайы жарқын жүздерін, кішіпейілділігін, жылы қатынасын көріп дән риза болдым. Себебі, ауруы жаңына батқан адамның көңілі төмен болатыны сөзсіз. Осы кісілердің кәсіби де жылы жүздерінен емнің бір бөлігі жеткендей болды. Шипасын сезіндім. Моральді тұрғыдан дайындыай отырып облыыстағы мықты мамандарға барып, ота жасатуға кеңестерін берді. Ауырғанда демеу болған осы жандарға алғысымды білдіре отырып, зор денсаулық, еңбектеріне жеміс тілеймін.

ЕРЕЖЕП АЙЫ

Ережеп айы – Исламдағы қасиетті төрт айдың бірі. Бұл ай – Алланың айы деп аталады. Бұл айда иса және миграж түні болған рағайыш түні бар. Пайғамбар ғалайһиссаләминан сүннет болып қалған нәпіл ораза ұстау бар.

Пайғамбарымыз қасиетті айларға көң көпіл бөліп, сахабаларға оларды қалай өткізу керектігі жөнінде айтатын. Сондай-ақ, ережеп айы кіргенде: «Рабым, ережеп пен шағбан айларын берекелі ете гөр! Бізді Рамазанға аман-есен жеткізе гөр!»(Ахмад ибн Ханбал, Мүснад, I/259)?– деген дұғаман қасиетті айларды (ережеп, шағбан, рамазан?) бастайтын.

Икрима ибн Аббасан риуаят етілген хадисте Алла елшісі: «Ережеп – Алланың айы, Шағбан – менің айым, ал Рамазан – үмметімнің айы», - деген. Әнас ибн Мәлікпен (р.а) риуаят етілген осы хадистің жалғасында: «Ей, Расулуппа! Ережеп айының «Шаһруллаһ» деп аталуының себебі не?», - деп сұрады. Сонда Алла Елшісі: «Ережеп – Алла Тағаланың күнеларды көшіретін айы. Алла Тағала құзырында сүйікті ай. Бұл айда ұрыс-жанжал, қантөгіс тоқтатылған. Бұл айда Алла Тағала енбиялардың, яғни пайғамбарлардың түбелерін қабыл етіп, әулімелерді дұшпандарынан қорғаған. Бір кісі ережеп айын ораза ұстап өткізсе, Алла Тағаланың үш жақсылығына ие болады. Бір хадисте «Алла үшін айлардың жақсысы – ережеп айы. Ережеп – Алланың айы. Кім оны ұлықтаса, расында Алланың ісін ұлықтаған болады. Кім Алланың ісін ұлықтаған болса, ол нығметтерге толы жаннаттарға кіреді. Оған Алланың разы-лығы түседі...» делінеді.

Сөйбән (р.а.) айтты: Пайғамбарымыз Мұхаммед екеуміз бірге кетіп бара жатыр едік. Жолымызда қабірлер болатын. Алла Елшісі бір кезде қабірлерге қарап, көзіне жас алды. Содан соң маған қарап: «Ей, Сөубән, мына қабірдегі жатқан адамдардың қабір азабынан құтқаруды тілеп, Алла тааладан дұға еттім. Егер де бұлар Ережеп айында бір күн ораза тұт-

қанда немесе құлшылық етсе, яки осы айда дүниедеп өтсе, онда бұларға қабір азабы болмас еді», - деді. Сонда мен: «Иә, Расулуппа, Ережеп айының бір күн оразасы қабір азабынан құтылуға кадфартат болады ма?» деп сұрадым. Пайғамбарымыз айтты: «Әр мұсылман ең болмаса Ережеп айында бір күн нәпіл ораза ұстаса, гибадат етіп, құлшылық жасаса немесе осы айда бұл дүниедеп оза, Алла таалаа ол кісінің амал кітабына бір жылғы гибадаттың сауабын жазар», - деді.

Муса ибн Имран Әнас ибн Мәліктің естігенін былай деп баяндайды. Пайғамбарымыз: «Жәннатта бір өзен бар. Ол өзеннің аты – Ережеп. Суттен ақ, балдан тәтті. Кімде-кім ережеп айында бір күн ораза тұтса, Алла таалаа ол кісіге сол өзеннен сусындауына нәсіп етеді», - деп Ережеп айында ораза ұстауға үмметін ынталандырған.